



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

условия их функционирования зависят от того, каким образом налажена взаимосвязь с государством и коммерческим сектором.

Основными проблемами для НПО являются пассивность населения, отсутствие достаточного финансирования. Взаимоотношения государства и НПО в последнее время улучшились, повысилась эффективность данного взаимодействия. С коммерческими организациями НПО сотрудничает в незначительной степени, так как пока не налажен рынок услуг, который бы привлек внимание предпринимателей. Недостаточным является освещение их деятельности и присутствия НПО в СМИ, что может быть связано с отсутствием интереса общественности к реализуемым ими проектам.

Наибольшее развитие НПО могут получить в сфере молодежной политики и социальной сфере. Основными ресурсами для повышения эффективности НПО могут стать повышение квалификации сотрудников и создание мощного объединения НПО при прямом содействии и участии государства.

В Павлодарской области степень развития неправительственного сектора можно оценить на уровне выше среднего, при этом НПО имеют позитивные перспективы дальнейшего развития.

Для повышения эффективности работы с НПО рекомендуем:

1. Ужесточить контроль за процедурами реализации государственного социального заказа НПО на всех стадиях – от этапа определения победителя по лоту до сдачи организацией финального отчета.
2. Активизировать взаимодействие с НПО в рамках уже существующих советов и рабочих групп при государственных органах с широким освещением в СМИ.
3. Заложить в рамках социального заказа лот по системе обучения НПО, включающий основы фандрайзинга (поиск финансирования), разработки проектов, юридические вопросы и др.
4. Рассмотреть возможность внедрения 3-х летних сроков реализации социально значимых проектов для НПО на уровне области.

Список использованных источников

1. Данные Управления внутренней политики Павлодарской области.
2. Закон Республики Казахстан от 21 июля 2007 года N 303-III «О государственных закупках» - Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет»: http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000303_.
3. Данные Управления координации занятости и социальных программ Павлодарской области.
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 23 января 2002 года N 85 «О Концепции государственной поддержки неправительственных организаций Республики Казахстан» - Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет»: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P020000085>

УДК159.922.762

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУТИЗМ ДИАГНОЗЫ ҚОЙЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Наурызбаева Айзат Айтмуханбетовна

Aizat_86_kz@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ психология мамандығының 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Г.К.Айкинбаева

Елімізде аутизммен ауыратын балалар туралы ресми мағлұматтар аз, өйткені

аутизммен сырқаттанатын балаларды анықтаудың ұйымдасқан жүйесі құрылмаған.

Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігінің балалар бас неврологы, профессор Маржан Лепесованың айтуынша, аутизммен ауыратын балаларды анықтау жүйесінің дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан Қазақстанда ондай балаларға тиімді көмек көрсету жүйесін қалыптастыру қиынға соғуда. "Сондықтан бүгінде бұл мәселеге қатысты өзекті мәселелер баршылық. Аутизм мен соған ұқсас ауытқу белгілері бар балалардың 90 пайыздан астамы арнайы оқумен қамтылмағандықтан, ауыр психикалық мүгедек болып қалуда. Оған қоса, осындай балаларға ізгілік қарым-қатынас жағы да ақсап тұр. Сондықтан аутизмге шалдыққан бала тәрбиелеп отырған отбасылар айналадағы адамдар тарапынан түсінбестікке тап болуда, оларды жұрттың өздеріне жиіркене қарайтыны қинайды. Бұл аутизмге шалдыққан балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуін одан сайын қиындата түсуде. Дер кезінде және дұрыс көмек көрсетілген жағдайда ғана мұндай балалардың 60 пайызға жуығы мектеп бағдарламасына ілесіп, білім ала алады. Олардың бәрін де отбасында бейімдеуге болады.

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету» Қазақстан Республикасы Заңы 4 тармағын іске асыру мақсатында мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін кешенді көмек көрсету жағдайларын қамтамасыз ету жолында жаңа үлгідегі арнайы (түзету) ұйымдары ашылған. Арнайы білім беру ұйымдарының жаңа түрлері: оңалту орталықтары (республикалық және облыс деңгейіндегі қалаларда), мектеп жанындағы логопедтік пункттер, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (аудан орталықтарында) [1].

Жаңа үлгідегі арнайы (түзету) ұйымдар қызметтері «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясына, ҚР «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңдарына және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес және осы ережелер негізінде жүзеге асырылады [2,3, 4].

Аутизм – (грек тілінен аударғанда *autos* -өзім)-адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Бұл ұғымды алғаш рет 1912 жылы Э. Блейлер адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген[5].

Аутист балалардың есту қабілеті жоғары болады. Математика және музыкада дарынды, бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Бірақ бұл қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Сондықтан да бұндай балалар арнайы интернаттарда емес, кәдімгі жанр ортасында тәрбиеленуі қажет.

Аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (БЕА) синдромы дейді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін.

Аутизм ауруын бірінші ашып зерттеген америка психиатрі – Лео Каннер. Балалық аутизмі әр түрлі болады және зиятпен сөйлеу дамуының деңгейлері әр түрлі болады. Л. Каннер бойынша ерте балалық шақтағы аутизм синдромы келесі үш көрсеткішті біріктіреді: аутистикалық уайымдар, стереотипі, үйреншікті, бір қалыпты мінез-құлық, сөйлеу тілінде ерекше сипаттағы кемістіктер.

Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша аутизммен ауырған балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқым қуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі.

Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті

және туу кезінде алған жарақаттар,нейроинфекциялар,т.б. барлығы да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар.

Аутист бала – ерке, тәртіпсіз сияқты әсер береді, бірақ диагнозды ерте қойып, ерте емдесе баланы жазып алуға болады. Аутист бала ешкіммен араласпайды, тұйық болады.

Аутист баланың бойындағы тұйық мінез әр түрлі себептерге байланысты:

1. Баланың жекемінезіне.
2. Көру мен естукемістігіне.
3. Зияттыңжетілмеуіне.
4. Сөйлеуаппаратыныңбұзылғандығына.
5. Невротикалықөзгерістерге.
6. Ұзақуақытқарым-қатынасызқалғандыққа.

Аутист бала: қоршағанортаға,қоғамғаи мүлдеқызықпайды.

Тұрақтықорқыныштарыпайдаболыптұрады, өзіне-өзіагрессиялы, қолжұмсағысыкелуі де мүкін. Бала өскенсайынсөйлеу мен зият (интеллектісі) дамуытөмендейді. Аутистбалалардыңназарынадамға, басқанысанғааударужәнебірнәрсеұйретуқиын. Ауру бала өзінеайтқансөздергемәнбермейді, сұрақтарғажәнеатынатапшақырғанғақөңілаудармайды, естімейтінкеренсияқтыболыпкөрінеді.

Л.Каннераутизмдінақтыпсихикалықдамудыңбұзылуыдептапқанжәнекелесікөрсеткіште рінажыратқан:

1. жалғыздықтыжақсыкөру;
2. ешқашанадамменкөзбе-көзкездеспеу;
3. мимикасының,дауысының,дыбысырғағының, ым-ишараның болмауы;
4. бағытыныңшарттарытұрақтыболуынатырысуыбәрібіркелкіболыпөзгермеуікерек;
5. эмоциялықтұрғыданешкімменараласпау;
6. біркелкіқимылдардықайталайбереді [6].

Аутист бала сұраққоймайдыжәнежауап та бермейді, мимика, ым-ишараарқылықарым-қатынасжасаудан бас тартады. Аутистбалаларды 4 топқабөлугеболады:

1. Аурудыңауыркөрінісіменсипатталатынтоптағыбалаларбезушілік, ортаданоқшаулау, ешнәрсегекөңілаудармауерекшеленеді,көп уақыттатүңіледі. Мұндайбалаларсөйлемейді, адамдарға,адамныңкөзінежәнебірнәрсегекөзінтікпейді, күлмейді, жыламайды. Атынатапшақырғандаүндемей, дыбысшығармай, ешқандай реакция білдірмейді. Оларбіржеріауырыпжарақаттанса, қарындарыашып, тоңғандысезбейді. Үйшіндебағытсыз ары-беріжүреді,жиһаздардыңүстінешығады,терезеніңалдында тиіспесеңбірнешесағаттарбойыотырабереді. Үлкен адам мұндай баланың назарын аударайын деп тырысқан жағдайда, бала айқайлайды, жылайды, төбелеседі, түкіреді, тырнайды, яғни қатты қарсылық көрсетеді.

2. Бұл топтың балалары адамның көзіне тіке қарамайды,басқа нәрселерге де көзін тіке қадап,бағытты түрде қарай алмайды,бірақ нәрселердің өздері,өздерінің түрлері мен дыбысымен сыртқы пішінімен балалардың назарын өздеріне аудартқызады. Мысалы: кілем немес алаша біткенше жүре береді. Бұл балалардың бір қалыптылығы: сағаттар бойы терезеде отырып бір бағытқа қарап отыра береді. Ал бір нәрсе керек болса, олар үлкен адамды ертіп апарып, керекті нәрсемін алады.

3. Балалар аздап белсенді, олар қоршаған ортадан толық безбеген, бетінде қорқыныш бар, қимылдары еркін емес, сөздері түсініксіз, бір сөзді қайталай береді, күрлмеліп сөйлейді, қимылдары импульсивті, яғни отырып-отырып аяқасты жүгіріп кетеді, өзін-өзі жарақаттайды.Бұл топтағы балалар өте дауласқыш, еш өкінбейді, бәрін керісінше жасайды. Бала өзіне ұрысқанды қалайды, тек өзі сөйлейді, ешкімді тындамайды, сөйлеткізбейді. Сөйлегені өте жылдам, дыбысы қатты. Сөзі – монолог түрінде. Кейде ересек адам сияқты, күрделі сөздермен сөйлейді, бірақ мағынасын түсінбейді. Сөздік қорыжақсы, бірақ та диалог құрастыраалмайды.

4. Бұлбалалардааутизмніңжеңілтүрі. Балалардың мимикасы шектеулі, алаңдаушы болып келеді, сондықтан сөздері жай, көздеріне қарай алады, бірақ тұрақсыз. Олар ұялшақ,

жасқаншақ болып келеді. Олар өтірік айту, алдауды білмейді.

Аутизммен ауыратын балалардың тәрбиесі күрделі, әрі арнайы дайындықты керек ететін мәселе. Аутизммен ауыратын балалардың ең ауыр кемістігі танымдық қабілеттерінің дамымағандықтарында. Ми ауруына байланысты қабылдау процесінде, есте сақтау, сөйлеу, жауап беруінде, зейінде ауытқу болады.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша уақытымен түзетушілік көмек көрсетілген жағдайда аутист балалардың 60% жалпы білім беру бағдарламалар бойынша, 30% арнайы білім беру бағдарлама бойынша оқуға қабілетті, ал 10% отбасында әлеуметтенуге мүмкіндіктері бар. Бірақ түзетушілік көмексіз қалған жағдайдағы балалардың 75% әлеуметтік ортаға бейімделе алмайды, 22-23% шамалы бейімделеді, тек 2-3% әлеуметтік бейімделудің жеткілікті деңгейіне жетеді.

Аутист балаларға арнайы көмек көрсету жүйесі өткен ғасырдың 60 жылдарында алғаш рет АҚШ пер Батыс Еуропа елдерінде қалыптасуын бастаған. Еуропада ең бірінші аутист балаларға арналған мектеп Данияда 1920 жылы ашылған. Кейін кейбір жеке меншік мекемелер аутист балаларға көмек көрсетуді бастаған, бірақ ол кезде, нақты оқыту мен түзетудің әдіснамалық, ғылыми негіздемесі болмаған [7].

Қазіргі уақытта балалық ерте шақтағы аутизмді түзетудің әдістемелік негіздері әр түрлі. Жиі кездесетін бихевиористік психологияның негізінде операнттық оқыту (мінез-құлықтық емдеу). Бұл түзету әдісі АҚШ-та және басқа да елдерде кеңінен тараған. Әдістің негізі – қажетті қылықты, әрекетті қалыптастыру үшін сыртқы жағдайларды арнайы қамтамсыз ету, әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу, сөйлеу тілін дамыту, оқу немесе еңбек ету дағдыларына үйрету. Бұл әдіс бойынша оқытылған балалардың 50-60% жалпы мектеп бағдарламасын меңгере алады, кейін орта, жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыра алады.

Операнттық оқыту әдістен басқа шет елдерде ТЕАССН атты бағдарлама (Э.Шоплер, Р.Райхлебер), М.Уелш күнделікті өмір сүру жағдайын қамтамсыз ету арқылы емдеу (К.Китахара) т.б. тәжірибеде жиі пайдаланады. Ресейлік тәжірибеде ең танымал К.С.Лебединская мен О.С.Никольскаяның аутизмді түзетудің кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық әдістемесінің негізгі ерекшелігі дәрігер, педагог пен психологтардың бірлесе, тығыз байланыста жұмыс жасау. Өткен ғасырдың ортасынан бастап балалық ерте жастағы аутизмді зерттеулер басталуына қарамастан, қазіргі уақытқа дейін арнайы кешенді көмек көрсету жүйесі құрастырылмаған [8].

Аутизм диагнозы бойынша тіркелген 706 бала Қазақстанның тек облыстары мен үлкен қалаларындағы барлығы 58 орталықтан дәрігерлік жәрдем ала алады. Ауылдық жердегі аутист балалардың тағдыры мен ата-аналардың бұл дерт туралы қаншалықты білетіні беймәлім.

Психологтар аутизмге ұшыраған балалардың ата-анасымен қарым-қатынасын анықтай отырып, олардың мінез-құлқын, іс-әрекетін зерттейді. Баланың жаңа ортада өзін-өзі ұстауы мен бөтен адамдармен қарым-қатынасын бақылау арқылы баланың дамуы қай жастан бастап кері кеткенін анықтайды.

Чехия астанасы Прагадағы СМС (Канадалық медицина орталығы) орталығының психолог-маманы Кармен Глория Фернандез өз тәжірибесімен бөлісіп, аутизмге шалдыққан баламен қалай сөйлесу керектігін айтады. Ол қоршаған әлеуметтік ортамен байланысы үзілген баланың назарын аудару үшін, біріншіден тізеңізді бүгіп, ол сіздің көзіңізге қарай алатындай деңгейде, онымен қатар отыру керек деген кеңес береді.

- Мұндай балалармен сөйлескенде, сөйлемді барынша қысқа қолданып, асықпай айқын айту керек, дене қимылы арқылы оның назарын аударатындай қолды бұлғап, қимыл арқылы көрсетсе, бала назары ауады. Онымен бірге жүгіріп ойнап, кезек бойынша доп лақтырып, эмоциялық қуанышыңызды білдіргеніңіз жөн. Керемет көңіл-күйіңізді немесе оған ренішіңізді білдіру үшін дауыс ырғағын әртүрлі өзгертіп сөйлеу керек. Оған жауап беруге мүмкіндік беріп, біраз күту керек, - дейді психолог-маман.

Қорыта келгенде аутизмді бар баланың әлеуметтік табыстылығы көп жағдайда, оның отбасының психологиялық қолдауына байланысты. Сонымен бірге баланың ауруға шалдығу

мәселелерін дер кезінде анықтап, оған дәрігерлер, психологтар, педагог-дефектологтар, әлеуметтік қызметкерлер, тәрбиешілер тарапынан көрсетілетін көмектер және қолдауды ерте жастан қажет болған уақытта көрсету және ата-аналардың қолдауы, келісімі, үйден қайталауы маңызды. Аутизмі бар балалар өздерінің мүмкіндіктеріне және мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне қарай, жалпы білім беру бағдарламаларымен бірге арнайы (түзеу) білім беру ұйымдарының бағдарламалары бойынша тәрбиелене алады. Бірақ медициналық көмектер қатар орындалуы керек.

Аутизмі бар балаға өзінің басты мәселелері, яғни қарым-қатынастағы және өзара әрекеттік жағдайдағы қиындықтарды жеңу үшін қатарларының, құрбыларының, құрдастарының, сыныптастарының, достарының әдеттегі ортасы ауадай қажет екенін ескерген жөн.

Аутизмі бар баланы ауру немесе ауырады деп санаудың орнына, оның дамуы мен оқуына белгілі бір жайлы жағдай мен тәсіл қажеттіктен «өзгеше бала» деп санаған дұрыс. Қоғамның міндеті – аутист балалардың құрдастарынан қалмай балабақшада тәрбиеленуіне, мектепте мүмкіндігіне қарай оқуына және оған қажетті тәсілдерді пайдалануына жағдай тудыру қажеттілігіне түсіністікпен қарау қажеттігінде.

Қолданылған әдебиеттер

1. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы
2. «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы 1989 жыл 20 қараша
3. ҚР «Білім туралы» Заңы, Алматы. – 2007.
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы
5. Блейлер Э. Аффективность, внушение, паранойя. М., 2001. С. 169—170.
6. Степанов С. Популярная психологическая энциклопедия. —М.: ЭКСМО, 2003. — С. 74.
7. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы. – Алматы, 2008.
8. Лебединская К.С., Никольская О.С. "Диагностика раннего детского аутизма: начальные проявления" - М.: Просвещение, 1991

УДК 316.159

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Нұғман А.Н

«Психология» мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Мандыкаева А.Р.

Қазақстан мемлекетінің қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның түрлі сфераларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарлауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты балалардың танымдық әрекетін белсендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік, ұйымдастырушылық және моральдық-психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік міндет болып табылады. Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның болашақта бәсекеге барынша қабілетті 50 ел қатарына енуін жоспарлап отыр.

Осы алдыға қойған мақсатқа жету бүгінгі ғылыми – техникалық прогрестің, жаңа ақпараттар ағымының қарыштап өсуі өндірісті автоматтандыру, компьютерлендіру мәселесімен тығыз байланысты өркендеп отырған өтпелі кезеңде жас ұрпаққа ғылым негіздерін меңгертуде білімді әлемдік стандартқа жақындату, оқытудың мазмұны мен